

УДК 316.4.051.6

## **ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ҰЖЫМДЫҚ ЖАДЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Арыстанбаев Асхат Нұрланұлы**

[\*asxat.19@gmail.com\*](mailto:asxat.19@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті әлеуметтану  
мамандығының 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Б.Ж Смағамбет

Ұжымдық жады құбылысын мәдени әмбебаптықтың бір түрі ретінде қарастыруға болады. Кез-келген түрде, ол барлық тарихи дәуірдегі адамзат қоғамдастықтарының мәдени және әлеуметтік тәжірибелерінде кездеседі. Ұжымдық жадыға қоғамның және тұтас ғаламның бұрыннан келе жатқан іс-әрекеттері туралы аңызға айналған мифологиялық аңыздары енеді, сонымен қатар тарихи шежірелердегі интерпретациялар бәсекесі, тарихи приоритеттер мен табиғи құқықтарды негіздеу, ұлттық мемлекеттің идеологиялары мен құрылыстарының тарихи метанарративтері, заманауи симулякрлардың сан алуан түрлерін қамтиды.

Сонымен бірге, жалпыадамзаттық мәдени құбылыс ретінде ұжымдық жадының өзгермеуі әртүрлі әлеуметтік-мәдени дәуірлерде оның тарихи ерекшелігінің болуын жоққа шығармайды. Шынында да, адамзат қоғамдастықтарының тарихи типтері бір-бірінен әлемнің бейнесін құрастыруда, билік қатынастарының заңдылығын, әлеуметтік құрылымның біртекті емес екенін негіздей отырып ерекшеленеді. Р.Коллингвудтың пікірінше, өткен шақ тарихи елестетудің көмегі арқылы ой-өріс объектісіне айналады [1, б. 231]. Сонымен қатар елестету әдістері, оның тарихи баяндауыштарының (нарративтерінің) қалыптасуындағы рөлі тарихи түрде өзгермелі болып келеді. Сондықтан, ұжымдық жадының тарихи түрлерінің бар екендігі туралы айту және осы типологияны ғылымның адамзат дамуының тарихи-мәдени кезеңдерімен байланыстыру орынды.

Әдетте әлеуметтіліктің, құндылықты сана мен әлемді түсінудің ерекшелігіне негізделген кең таралған типологияға сүйене отырып, дәстүрлі қоғам дәуірінде, қазіргі заманғы және постмодернизм дәуірінде ұжымдық жадының белгілі бір түрлері бар (екінші модерн, кейінгі модерн, жетілген модерн және т.б.) деп айтуға болады. Ұжымдық жадының осы түрлерінің әрқайсысы жеке сипаттаманы қажет етеді. Бұл мақаланың мақсаты дәстүрлі қоғамның ұжымдық жадының ерекшеліктерін негіздеу және оның өзіне тән белгілерін анықтау.

А. Ахизердің пікірінше, қоғам проблемалардың күрделенуі нәтижесінде уақыт сұраныстарына жауап іздеудің орнына күрделі мәселелердің ықпалынан бұрынғы құндылықтарға, мәдени бағдарламаларға инверсиялы түрде қайта орала береді [2, б.91]. Бұрын болған ұжымдық есте сақтау нысандары, психикалық өмірдің басқа да қарапайым нысандары сияқты мүлдем жоғалуы мүмкін емес, олар тек қана мәдениеттенеді, сондықтан олар мәдениеттің дамуының неғұрлым кеш кезеңдерінде көрініс табуы мүмкін және зерделеуге лайықты нәрсе болып табылады [3, б. 18].

Ұжымдық жады – бұл тарих пен уақыт ағымындағы әлеуметтік топтың өзін-өзі сақтауына ықпал ететін құбылыс. М.Хальбвакс ұжымдық жадының арқасында «топ өзінің бұрынғы қалпында қалғандай сезінеді және уақытша өлшемде өзінің жеке басын біледі» дейді. Ал жадыдағы алшақтық, топтың өткен уақытқа деген қызығушылығын жоғалту дегеніміз, біз бір-бірімізді алмастыратын екі топпен жұмыс істейтінімізді білдіреді [4, б. 25].

Дәстүрлі қоғамдастыққа мәдени дәстүрі институттік және реттеушілік тәртіпті қалпына келтірудің негізгі тетігі ретінде рөл атқаратын қоғамдар кіреді [5, б. 140]. Дәстүрлі тарихи сананың ерекшелігін неміс тарихшысы Йорн Рюсеннің бір-бірін кезекпен алмастыратын төрт түрі бар тарихи нарративтерінен байқауға болады [6, б. 17-18].

Тарихи фактілермен жұмыс жасау еркіндігі, оларды мәтіннің дидактикалық міндеттеріне бағындыру «Роланд турады жыр» мысалында суреттелуі мүмкін, мұнда ресми тарих эпоспен тығыз байланысты, нәтижесінде жаңа мифологема пайда болады. Тарихи факттардың бірі - Испаниядағы сәтсіз жорықтан кейін Пиреней арқылы франктар әскерінің артқа шегінуі кезінде 778 жылы Ронцевал шатқалында Бретондық маркграф Роландтың басқтардың қолынан қаза табуы. Ал сол кездегі ұжымдық жадының мүдделеріне сәйкес жадыны қайта құрастыру нәтижесінде оқиға мүлде басқа сипат алды: дін үшін болған соғыста Роланд мұсылмандардың қолынан ерлікпен қаза табуы. Қазіргі заманғы итальяндық тарихшы Ф. Кардини бұл оқиғаны былай сипаттайды: «Қарапайым әскери жеңіліс жанқиярлық азап шегуге дейін көтерілді, шабуылдаушылар діні христиандардан мұсылманға өзгертілді... Осы масқара жеңіліс саяси насихаттың жетістігіне айналып кетті. Келесі христиандар мен мұсылмандар арасындағы үш ғасырлық бәсекелестік Ронцевал шатқалындағы жеңілістің ғасырлық деңгейге көтерілуіне және символдық көзқарасқа, сондай-ақ христиан мен ислам арасындағы мәңгілікке созылатын дуэліне ықпал етті [7, б. 67]. Сонымен қатар, Роланд бірден эпикалық кейіпкерге айнала қоймады. Бұл құбылыс тек Реконкиста мен Крест жорықтарын жанданған кезеңінде орын ала бастады. Мұндай трансформацияға не себеп болғанын анықтау мүмкін емес: эпостағы ұжымдық жадының жаппай қолдан құрастырылуы немесе саясаттың қоғам санасына деген әсері болуы мүмкін.

Дей тұрғанмен мәселе мұнда емес, мәселе дәстүрлі қоғамның ұжымдық жадындағы фактілері мен дидактика құндылықтарының ерекше байланысында.

Дәстүрлі қоғам адамдарының ата-бабалар культіне үлкен мағына беруін байқау қиын емес. Олар сабақтастықы жоғалтпау мақсатында ата-бабалар тәжірибелерін келер ұрпаққа жеткізіп, ізашарларды саясат, мәдениет, дәстүр сияқты институттардың жалғастырушылары ретінде қарастырады. А.Гуревич ерте ортағасырлық варварлардың өткен шақ туралы идеяларын сипаттай отырып, былай деп жазды: «Варварлардың өмірінде үлкен рөл атқарған ата-бабалар культі олардың уақытқа деген көзқарасымен байланысты болды. Ата-бабалар оның ұрпақтарының бірінде дүниеге қайта келуі мүмкін. Яғни, үлкен тұлғалар есімдері ұрпақтарға қайта қойылуы және олардың батырлық, көрегендік сияқты т.б. қасиеттерінің ұрпақ ішінде қайта жандануына деген сенімнің болуы. Ата- бабаның қасиеттері мен іс-әрекетін қайталайтын адам болуы арқылы өткен өмір жаңғырып тұрды» [8, б. 110]. Бұндай құбылысты ұзақ уақыт дәстүрлі қоғам болған қазақ халқынан да байқай аламыз. Мысал ретінде қазақ тарихындағы ұлы тұлғалардың есімдері бүгінгі ұрпаққа қойылуы, бата-тілек айтылғанда олардың жағымды қасиеттерінің ұрпаққа даруын тілеу, ұрпақ ішінде халықтың басын қосып, елді көркейтер ұлы тұлға туылуына сену және т.б.

Ұжымдық жады өзінің болмысы бойынша конфликтогенді болып келеді, өйткені ол ұжымның идентификациясының қалыптасуында маңызды рөл атқарады және оның құрамдас бөлігі болып табылады. Қоғам идентификациясы арқылы (бірегейлігі) басқа да аналогиялық құбылыстармен шиеленіске түсіп, өзінің ұжымдық жадын символдық капитал ретінде пайдаланады. Мұндай жадыдағы шиеленіс мәселесі шынайы өмірде қауіпті сипал алуы мүмкін, яғни бір қоғамның ұжымдық жадындағы символдық капиталы белгілі бір өзге қоғамның ұжымдық жадына деген позициясы кереғар болып, екі тараптың ортасында демонстративті немесе латентті қақтығыс орын алуы ықтимал. Ал қоғамның ұжымдық жадындағы ішкі шиеленіс мәселелері қазіргі таңдағы трансформация, жаһандану кезеңінде жүрген кейбір қоғамдарға тән. Мұндай ішкі тарихи дискуссия қоғамды әр түрлі топтарға бөліп тастауы мүмкін.

Дәстүрлі қоғамдарда ұжымдық жадының жанжалдануы мазмұндық деңгейде өте жоғары болды, өйткені ешкім тарихтың шынайылық деңгейіне назар аудармады, ал коммуникация деңгейінің төмен болуына әр әлеуметтік топтың өзінің тарихи нарративтеріне сенімді болуы әсер етті. Өткенге қарағанда, қазіргі қоғам ұжымдық жадының шиеленісі кезінде коммуникация деңгейіне назар аударады, себебі ұжымдық жадының негізгі дискурстарының бірі идеологиялық оппоненттер тарапынан тарихты "фальсификациялау" әрекеттерінің орын алуы.

Қорытындылай келе, дәстүрлі қоғамдардың ұжымдық жадысының ерекшеліктеріне дәстүрлі қоғамдағы өткенге деген әсіре көңіл бөлуі, қоғамдар арасындағы нашар дамыған коммуникацияны, өткен оқиғаларды интерпретациялаудағы сол қоғамның салт-дәстүріне негізделген ерекше талаптарды жатқызамыз. Сонымен қатар дәстүрлі қоғам үшін өткенді интерпретациялауда қоғамның қауымдасу механизмін қамтамасыз етіп отырған салт-дәстүрдің орны приоритеттер жүйесінде басым болып кетуі арқылы тарих бұрмаланып кету ықтималдығын атауға болады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Коллингвуд Р. Дж. Идея истории. Автобиография / Р. Дж. Коллингвуд. - М.: Наука, 1980. - 486 б.
2. Ахиезер А. С. Архаизация в российском обществе как методологическая проблема / А. С. Ахиезер // Общественные науки и современность. - 2001. - № 2. - Б. 89-100.
3. Абдрахманов Д. М., Буранчин А. М., Демичев И. В. Архаизация российских регионов как социальная проблема / Д. М. Абдрахманов, А. М. Буранчин, И. В. Демичев. - Уфа: Мир печати, 2016. - 404 б.

4. Хальбвакс М. Коллективная и историческая память / Морис Хальбвакс // Неприкосновенный запас. - 2005. - № 2/3 (40/41). - Б. 8-27.
5. Левада Ю. А. Традиция / Ю. А. Левада // Философская энциклопедия: В 5-ти тт. / Под ред. В. Ф. Константинова. - Т. 5. - М. Советская энциклопедия, 1970. - Б. 140.
6. Репина Л. П. Опыт социальных кризисов в исторической памяти / Л. П. Репина // Кризисы переломных эпох в исторической памяти / Под ред. Л. П. Репиной. - М.: ИВИ РАН, 2012. - Б.3-37.
7. Кардини Ф. Европа и ислам: история непонимания / Ф. Кардини. - СПб: «Александрия», 2007. -332 с.
8. Гуревич А. Я. Категории средневековой культуры / А. Я. Гуревич. - М.: Искусство, 1984. - 350 с.